



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ!

Адам өзінің қамшының сабын ғана қысқа өмірінде екі нәрседен қателеспейуі керек. Бірі: Өмір бойы өзіне адал болатын жар таңдаудан, екіншісі: мамандық таңдаудан. Мамандық таңдау өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мамандық таңдау—бұл өте маңызды іс. Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды.

Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді. Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі - маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі - еңбегіңізге ақының төлені қажеттілігі. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Ал халық үшін қызмет көрсету маңызды мәселе «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген нақыл сөзін ұран етіп, мамандықты дұрыс таңдауымыз керек.

Қазіргі таңда Қазақстанды әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде мойындаған. Қысқа тарихы мерзім ішінде тәуелсіздік алған Қазақстан әлемдік өркениетке кіре отырып, жаңа прогрессивті технологиялар өндіру, сақтау, тасымалдауды пайдалана отырып экономикада сілкініс жасады. Кәсіпорындардың дербестігін арттырғандықтан әзірлеуші арасындағы, өндірушілер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар және аймақтық басқару құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеу қажеттігі және де бірінші кезекте адам өмірі мен қоршаған ортаға қауіпсіздігін арттыру күшейтіп жатыр. Заманның ағымына байланысты қазіргі қоғамның сұранысы да өте жоғары. Заманауи техника мен технологияларды игеру үшін өнімге, қызметке, процеске қойылатын талаптар мен нормаларды дұрыс қолдана отырып бәсекеге қабілетті және сапалы тауарларды өндіру мақсатында стандарттау және сертификаттау саласындағы мамандарға деген сұраныстар жыл сайын көбеюде. Осы бағыттағы мамандарды даярлауда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Механика және мұнайгаз ісі» факультетіндегі «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасымен жүзеге асырылады.

2016 жылы жаңа оқу жылынан бастап ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес 5B073200—Стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығы екіге бөлінді, қазіргі таңда кафедрада 6B07510—«Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» және 6B07513—«Метрология» мамандықтары бойынша бакалаврларды дайындаймыз, ал магистрлерді дайындау 7M07510—«Стандарттау және сертификаттау(салалар бойынша)», 7M07513—«Метрология» мамандығы бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Колледж бітірушілеріне мемлекеттік білім гранттары бөлінуде. Кафедрада қысқартылған оқу түрімен оқитын топтар құрылған.

Стандарттау және сертификаттау мамандығы — нормалардың орындалуын бақылау және тарату, өнімдерге талаптар мен ережелерді, процестер және жүйелерді құруды, олардың өнімдері, өндірістері, қолдануларын және

метрологиялық қамтамасыз етулерін, өнімдердің және қызмет көрсетулердің қауіпсіздіктерін, өндірушілер мен тұтынушылар үшін биік экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мамандық.

Метрология мамандығы — өлшемдер туралы, олардың бірлігін және өлшеудің жоғарғы дәлдігіне қол жеткізу құралдары жайлы, метрология саласындағы стандарттар көмегімен мамандар практика жүзінде берілген дәлдікпен нысандардың сандық көрсеткіштер арқылы анықтауға оқытатын мамандық. Техниканың еш бір саласы технологиялық процестер мен оларды басқару, сонымен қатар өндірілетін өнімнің сапасын бақылау жолдарын анықтайтын қабылданған өлшем жүйелерінсіз жұмыс істей алмайды.

Біздің мамандықты бітіруші түлектердің қызмет жасау салалары:

- экономиканың барлық салалары мен облыстарындағы өндірілетін және орындалатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапалық және мөлшерлік мінездемелерін оқу және зерттеу;
- тауарлар мен бұйымдардың стандартты параметрлерін зерттеуге тағайындалған аппараттар және приборларды пайдалану және оларға қызмет жасау;
- сертификалатын бұйымдарға құжаттар дайындау және оларға сараптама жүргізу;
- таңдаған мамандығы бойынша менеджерлік, эксперттік, консультациялық және оқытушылық қызмет жасау;
- мұнай-газ, мұнай-химия, азық-түлік және ауылшаруашылық салаларының өнімдерін сертификаттау органдары мен қызметтері;
- кең қолданым табатын және қызмет көрсетуші өнеркәсіптерді инспекциялау қызметтері және органдары;
- импорттық тауарларды сертификаттау үшін кедендік қызмет;
- сауда және тамақтану ұйымдарының қызметін инспекциялау және бақылау органдары.

Құрметті талапкерлер, сіздерді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің заманауи білікті маман болуыңыз үшін 6B07510 - «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)», 6B07513-«Метрология» және магистратура мамандығы бойынша 7M07510—«Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)», 7M07513—«Метрология» мамандықтарын таңдауға шақырамыз.

**ТОҚТАБЕК Айжан,
ОТУНШИЕВА Айтोकын
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті,
«Стандарттау және сертификаттау»
кафедрасы,
магистр, аға оқытушылары:**